

ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



Көкейтесті

М.Әбдікәрімұлы

Сөз мағынасын бұзатындарға
тыным бола ма?

Мәдени тура

І.Байжанов

“Ақсу-Жабағылыдағы” бассыздық
ақырзаман шақырмасын десеңіз!..

Ғасыр тарландары

Н. Махфуз

Жасаған Алла кешінді сенің
қайырлы еткей!

Біздің сұхбат

Бағдат Қожахметов:

“Біз қазақтілді аудиторияның
мүддесі үшін жұмыс істейміз”



Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,
*Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану
институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ОСЫЛАЙ АШЫЛЫП ЕДІ

Ислам қазақ даласына VIII ғасырда келді. Ол үлкен өркениет әкелді. Соның арқасында еліміздің Тараз, Баласағұн, Исфиджаб-Сайрам, Түркістан; Сыр бойындағы Сауран, Отырар, Сығанақ, Женд, Баршынкент секілді үлкенді-кішілі қалалары білім мен мәдениет, рухани орталықтары болды. Олар 30-дан астам әл-Фарабилер, 50-ге жуық Таразилер, 10-нан астам Жендилер, 40-тан астам Сайрамирлер, бірнеше Сығанакилер секілді т.б. тамаша ғалымдарды өмірге әкелді.

Араб әбжәдын (алфавитін) біз содан 1929 жылға дейін пайдаландық. Бірақ белгілі жағдайларға байланысты бірте-бірте араб жазуы шеттетіліп, әуелі латын, содан соң кирилл әліппесі кіргізілді. Араб жазуын білетіндер дінмен байланыстырылып, атеизм атқа мінген жылдары репрессияға ұшырады. Сол себепті елімізде араб тілі мен Ахмет Байтұрсынұв негізін қалаған төте жазуды білетіндердің өзі саусақпен санарлық болды.

Әйтсе де бағзы ғасырлар мен жылдары зиялыларымыз араб тілінде туындатқан рухани жазба мұраларымызды игеру туралы оқтын-оқтын мәселе көтеріліп жүрді. Бірен-саран көзі ашық көкірегі ояулар ұл-қыздарын Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Душанбенің жоғары оқу орындарындағы шығыстану факультетіне жіберіп, араб тілін оқытып жатты.

1976 жылы мен Мәскеудегі Шығыстану институтының аспирантурасын, сонан соң Марокко мемлекетінің астанасы Рабат университетінде стажировкадан өтіп елге оралдым. Әуелі Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына ғылыми қызметкер болып қабылдандым. Бірнеше айдан соң ҚазМУ-дың филология факультетіне шақырылдым. Әйткені Қазақ ССР Үкіметі 1975 жылғы 29 сәуірдегі “Жалпы білім беретін кейбір орта мектептерде араб тілін оқыту мен оларға педагог кадрлерді даярлау” атты қаулысына сай, осы оқу орнында араб тілін мамандық ретінде оқыту мәселесі қолға алынбақ екен. Ал оған дейін араб

тілі журналистика, филология факультеттерінде шет тілдерінің бірі ретінде оқытылып келген.

Оқытушылар доцент Марзия Маженова мен аға оқытушы Гүлжан Рамазанова еді. Аталған шығыс тілдері мамандарының басын қосатын әлі әзір арнайы кафедра болмағандықтан мен профессор Зейнолла Қабдолов басқарған қазақ әдебиеті, ал Марзия мен Гүлжан апайларымыз жалпы тіл білімі кафедрасында болды.

Маған университеттен жаңа бөлімді ұйымдастыру, шығыс тілдері мамандарын тауып, оларды осы тың іске жұмылдыру тапсырылды.

Сонымен 1977 жылы қыркүйекте филология факультетінің “қазақ тілі мен әдебиеті” бөліміне түскен 50 баланың ішінен 12 студентті араб тілі жаңа мамандығына оқуға таңдап алдық.

Олар сөйтіп болашақ шығыстану факультетіне негіз болған тұңғыш талабалар еді. Нақтырақ айтсақ қазір өмірдің сан-саласында жүрген Еркін Дуанаев, Асылбек Төлегенов, Бахыт Айранбаева, Зубайра Әбединова, Бәгіш Атабаева, Бахыт Арыстанов, Арқабай Дәдебаев сияқты тағы да басқа талапты жастарды алғашқы арабтанушылар деуге болады.

Ұзақ жылдарғы үзілістен соң араб тіліне деген бетбұрыс, шығыс елдеріне деген ықыласты жұртымыз жақсы қарсы алды. Сол жылдары үлкен беделге ие “Лениншіл жас” газеті редакторының орынбасары, көрнекті әдебиетші, сыншы, журналист Сағат Әшімбаев (1947-1991) телефон соғып, жаңа бөлімнің ашылуымен құттықтап қана қоймай, жақсы жаңалық жайлы газет оқырмандарына жеткізгісі келетінін мәлімдеді. Бірнеше күндерден соң газет қызметкері ақын, журналист Өтеген Оралбаев факультет есігін қақты. Біраз әңгімелестік. Сұхбат жайлы аталмыш газет төмендегі мақаланы жариялады.

МӘДЕНИ ӨМІРІМІЗДЕГІ БІР БЕЛЕС

Республикамыздағы қазақ білімінің қара шаңырақтарының бірі – С.М.Киров атындағы Еңбек



Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне биылғы жаңа оқу жылы жақсы жаңалық әкелді. Үстіміздегі жылдың 1 октябрінен бастап, осы факультеттің сабақ кестесінен жаңа бір пән тұрақты орын алды. Әдебиет пен өнердің, тіл білімінің сан тарау саласында еңбек етіп жүрген ғалымдар мен әдебиетшілер, жазушылар мен әдебиет зерттеушілерінің қатары тағы да арнаулы мамандық иелерімен толысатын болады. Жаңа пәннің аты – араб тілі, жаңа ашылған бөлім – араб бөлімі деп аталады.

Сондай-ақ биыл республика бойынша 10 мектепте араб тілі пәні шет тілі есебінде жүргізілетін болып, олар іс жүзінде мектеп өміріне жаңа пән болып қосылғанын да айта кеткен жөн.

Жоғарыда айтылған жақсы жаңалықты естіген соң Қазақ университетіне қарай асықтық. Әуелі Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Ө.Жолдасбековке жолығып жаңа бөлімнің өмірге келу жай-күйі жайында аз-кем айтып беруін өтінген едік.

Профессор Ө.Жолдасбеков: – Қазақ университетінің еліміздегі университеттер ішінде білім сапасы мен жас маман кадрлар дайындау жөнінде алдыңғы қатарда келе жатқанын әрқашан қанағаттанғандық сезіммен айта аламыз. Уақыт өткен сайын білім сапасын арттыру жолында, студенттердің барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, тиянақты түрде білім алуына қамқорлықтар жасауда жақсы істерге қолымыз жетіп келеді. Соңғы уақытта университет өмірінде жарқын жаңалықтар, ілгерілеген ізденістер баршылық.

Біздің басты мақсатымыз да осы. Сондықтан филология факультеті жанынан арнайы араб бөлімінің ашылуы – сондай заңдылықтардың бірі. Бұл бөлімді ашу үшін алдын-ала үлкен дайындықтар жүргізілді. Қалыптасқан дәстүрі бар, жақсы жабдықталған кафедралары бар, арнаулы ғылыми лабораториялары бар Москва, Ленинград, Ташкент қалаларынан оқулықтар, методикалық және көрнекі құралдар алдырдық, олардың іс-тәжірибелерімен таныстық. Егер, шындығын айтсақ, бұл – университет өміріндегі жаңалық қана емес, бұл алдағы уақытта біздің ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізге, өнерімізге соны соқпақ ашатын, оны бұрынғыдан да байыта, толықтыра түсетін қайнар көзі.

Мұнан кейінгі әңгіме арқауын филология ғылымының докторы, факультет деканы Р.Әміров жалғастырды.

Араб бөлімінде оқығандар негізінен екі мамандық алып шығады. Біріншісі: бұрыннан таныс қазақ тілі мен әдебиеті, ал, екіншісі: қазақ мектептерінде араб тілінен сабақ беру мамандығы.

Мұнда да студенттер бес жыл оқиды. Биыл алғашқы байқау ретінде бөлімге қабілетті деген 12 студент іріктеліп алынды. Келесі жылы жаңа бөлімге 25 студент алу мақсаты тұр.

Араб бөлімін ашу қажеттілігін уақыттың өзі көрсетті. Халқымыздың мәдени, әдеби мұралары көбіне араб тілін білмегендіктен белгісіз болып келген-ді. Халықтың рухани дәрежесі, дүниетанымы

өскен жағдайда оны одан әрі білу ауадай қажет болып отыр. Араб тілі өз алдына кафедра болып отау тигеді. Жаңа кафедра бұрын араб тілінен беріп келген оқытушылардың басын біріктірмек. Кафедра құрылғаннан кейін тиісті оқулық дайындау жұмыстары қолға алынады. Бұл істе Шығыс тілдері оқылатын үлкен университеттер көмегіне сүйену қиындықтан құтқара алады. Жаңа пән күрделі де қиын. Сондықтан оны игеруді оңайлату үшін арнайы кабинет ашылады. Онда араб тілін меңгерудің қарапайым және күрделі әдістері үйретіледі.

Жаңа пәннің тағы бір ерекшелігі мектептерде өтетін педпрактикадан басқа студенттер архивтерде байқаудан өтеді. Жоғары курсқа барғаннан кейін үздік студенттер араб елдеріне барып, практикадан өтеді. Мұның өзі университет қабырғасында алған білімді нәтижелі түрде өмірде іске асыруға көмектеседі. Оқу-тәрбие жұмысы қалыптасып, жоспарлы жүйеге түскеннен кейін Москва, Ленинград, Ташкент университеттерінен арнаулы мамандар шақырылып, лекциялар оқиды, озат тәжірибелерін ортаға салады.

Біздің бұдан кейінгі әңгімеміз Қазақ университетінің филология факультеті жанынан ашылған араб бөлімінің оқытушысы, жас ғалым Әбсаттар Дербісәлиевпен болды.

– Жаңа бөлім жайындағы әңгімеге келсек, бірінші курста төрт сабақтан дәріс тыңдалады. Ал, бес жылда студенттер 1440 сағат араб тілімен айналысады. Жаңа пәнді меңгеру шұғыл жүріп жатыр. Сабақ аптасына бес рет жүргізіледі. Бұдан бұрын араб тілін оқып келгендердің бір жылда оқитын программасын жаңа бөлім студенттері екі айда оқып бітіруге тиіс. Екінші курста олар бірталай нәрсені меңгеріп қалады. Курс жоғарылаған сайын, программа да күрделене түспек. Араб тілін меңгеру жан-жақты жүргізіледі. Тілден басқа араб елдерінің географиясы, тарихы және араб әдебиетіне кіріспе оқылады. Араб әдебиетіне кіріспе алғашқы таныстық, шолу ретінде 18 сағат жүргізілмек. Ал араб әдебиетімен терең танысу – үшінші курстан әрі қарай басталады. Студенттер V ғасырдан басталатын (Бәдәуилер поэзиясы) араб әдебиеті тарихының жай-күйімен жете танысумен айналыспақ.

Сонымен қатар осы бөлімде екінші курстан кейін факультативті сабақ ретінде парсы тілін оқыту қоса жүргізілмек. Төртінші курста үздік оқығандар Каир, Дамаск, Бағдат қалаларында практикадан өтеді. Жаңа бөлім жоспарында алдағы уақытта Фарабитану пәні де бар. Сол арқылы бүкіл Шығыс әдебиеті мен өнерінен, мәдениетінен және тарихынан студенттер жеткілікті түрде хабардар болмақ. Сондай-ақ, университетте бұрын оқытылып келген ежелгі түркі әдебиетін оқу тереңірек жүргізіледі. Яғни, сол кездегі тарихи ескерткіштерді түпнұсқадан оқу – тиянақты білім алу үшін маңызды рөл атқармақ – деп жас ғалым сөзін аяқтады.

Сонымен, университеттің сабақ кестесінде жаңа пән пайда болды. Студенттердің алғашқы аяқ алысына ұстаз дән риза. Біз де олардың жаңа пәнді жақсы меңгеріп, ойлаған мақсаттар биігінен көрінуіне



тілектеспіз. Өйткені, олар жеткен білім биіктігінен біздің әдебиетіміз, мәдениетіміз, өнеріміз, тарихымыз жаңа бір жарқын кырынан, соны сипатымен көрінек. Демек, араб тілі мамандығының құпиясын меңгеру – әрі құрметті, әрі міндетті.

“Лениншіл жас”, 26-қазан 1997ж.

АРАБ ТІЛІ БӨЛІМІ ӨЗ ЖҰМЫСЫН ОСЫЛАЙ БАСТАП ЕДІ

1979 жылы филология факультетіне қосымша 25 орын бөлінді де енді араб бөліміне жылдағыдай 12 емес, 25 шәкірт қабылдай бастадық. Соған байланысты қосымша ұстаздарға деген қажеттілік біліне бастады. Бірте-бірте **Ленинградтан** Гүлнар Надирова, Татьяна Жемкова, Файруза Мамеко; **Ташкенттен** Жеңісбек Тоқмамбаев, Дина Нуртазинова, Жанна Енсебаева, Баян Райханова; **Душанбеден Тәжікстан университетін** тамамдаған Бағдад Әміреев келіп қосылды. Жас мамандарымыз жаңа іске құлшына кірісті. Араб тілі сондай-ақ бірте-бірте тарих факультетінде де шет тілі ретінде оқытыла бастады.

Аталмыш қаулыға сай республиканың бірқатар орта мектептерінде араб тілін екі бағытта: 5-10; 2-10 сыныптарда оқыту жоспарланды. Сол себепті оларға арналған оқулық жазу да күн тәртібіне қойылды. Әуелі шығыстанушылардың республикалық әдістемелік кеңесін құрдық. Араб тілі оқулықтарының бағдарламасын жасадық. Соған сай оқулық жазылатын болды.

2 сыныпқа арналған тұңғыш оқулықты Нұрәлі Өсеров, 4 сыныпты Мен және Жеңісбек Тоқмамбаев, Мақсұт Шафиғов; ал 5 сынып оқулығын Марзия Мәженова жазатын болды. Тек шығыс тілдері ғана емес, сонымен қатар Азия және Африка тарихы мамандары да (Кеңес Қожахметов, Нұржамал Алдабекова, Әбдіғали Шөпеков) бірте-бірте өз мамандықтары бойынша мектеп оқушылары және студенттерге де оқу құралдарын жазуды және оларды шығаруды қолға алды.

Бір қиыншылығы – бізге үлгі болар шығыс тілдерінің ондай оқулықтары мен оқу құралдары елімізде болмады. Кейбір республикаларда дәл осындай іс қолға алынғанымен, ол тірлік оларда баяу жүрді. Аталмыш қаулыға сай Алматыдағы “Мектеп” баспасынан араб тілі оқулықтарын шығаратын арнаулы редакция ашылды. Онда Нұрәлі Өсеров, Бахтияр Тасымов секілді араб тілінің білікті мамандары қызмет етті.

Ол кездері шығыс тілдерінде кітап шығаратын полиграфиялық мүмкіндіктер де болмады. Сол себепті баспагер жігіттеріміз оқулықтардағы араб тіліндегі мәтіндерді қолмен жазып жүрді.

Бұрын-соңды Қазақстанда араб тілінің ондай оқулықтары болмағандықтан, оларға деген қызығушылықтан ба, фабрика жұмысшылары оларды кейде әкетіп қалып та жүрді.

Ол кезде Қазақстанға шетелдіктер аз келетін. Бірақ 1973 жылы тұңғыш рет Алматыда Азия және Африка

жазушыларының V съезі өтті. Сол жиын еліміздің беделін өсіріп кетті. Содан жат-жұрттықтардың да республикамызға келіп-кетуіне кедергі аз қойылатын болды. Сол себепті де 1979 жылы тағы да Алматыда Азия және Африка елдері ақындарының форумы өтті. Делегаттар құрамында Алжир мен Марокко секілді араб жұртының да ақындары болды. Ресми ашылымнан соң 2-күні қазіргі Абылай хан даңғылы бойындағы Қазақстан Жазушылар Одағының үйіне араб бөлімінің студенттерін ертіп бардым. Онда Марокконың Мұхаммед ат-Танжауи атты ақынымен кездестік. Оған жөн-жосықты айттым. Ол араб тілін оқып жатқан қазақ студенттерімен әрі қызыға, әрі сүйсіне сұхбаттасты. Өзінің елі, әдебиеті мен мәдениеті туралы әңгімелеп, Марокконың түрлі-түсті суреттерін көрсетті, кітаптарын сыйлады. Студенттер тірі арабты, өздері оқып жатқан тіл өкілін осылай тұңғыш рет көрді. Араб тілінде сұрақтар қойып, жауап алды. Бұл ұшырасу ауылдан келген жастардың араб тіліне деген қызығушылығын одан беттер арттыра түсті.

Біз, араб тілі мамандары түрлі кафедраларда жүрсек те, жиі бас қосып, ақылдасып отырдық. Кейде пікірталастарымыз қызу да өтетін. Келісе алмай ренжісіп те қалған кездеріміз болмай қалмады. Оның бәрі басталған іс дұрыс болса деген ниеттен туған еді.

Содан бірте-бірте 1984 жылы өз алдына “Шығыс филологиясы” атты кафедра ұйымдастырдым. Соған байланысты арабистер сонда жиналды. “Шығыс филологиясы” атты жыл сайын ғылыми жинақ шығарып та тұрдық. Жас мамандықты күшейту, насихаттау үшін **Мәскеудің Шығыстану институтынан менің бір кездегі ұстазым КСРО ҒА-ның академигі, профессор Е.П. Чельшев, профессорлар С.В. Прожогина, И.В. Стеблева, Әлемдік әдебиет институтынан профессор А.Б. Куделин; Ленинградтан профессорлар А.Б. Халидов, А.А. Долинина** секілді айтулы ғалымдар келіп қазақтың жас шығыстанушыларына араб тілі мен әдебиеті бойынша сабақ берді, тәжірибелерімен бөлісті.

Араб бөлімінің алғашқы студенттерінің бірқатары ересек еді. Олар еңбек жолынан өткен немесе әскер қатарында болып, жауынгерлік парызын өтіп келгендер болатын. Міне солардың көмегінен сабақ басталысымен арнаулы маманның басшылығымен лингафон кабинетін құрастырдық. Оның араб тілі секілді қиын тілді оқуға көп көмегі тиді.

Кафедрамыздың ұстаздары өте тату, ынтымақшыл, ауыз бірлігі жақсы болды. Әлдеқалай біреуінің туған күні немесе мереке болып қалса, құттықтап, бірігіп тойлап жатушы едік. Өзгелер біздің бірлігімізге қызыға да қызғана қарайтын. Татулығымыз тәрбиелеп жатқан жас мамандарымызға да үлгі болды.

Кафедра ұстаздары жатақханаға жиі барып, студенттердің тұрмыс-тіршілігін қаперде ұстады. Түрлі мерекелерге байланысты іс-шаралар ұйымдастыруға көмектесіп отырды. Мұқтаж студенттерге әрдайым қол ұшын беруді естен шығармайтын.

Әуелгіде оқулық жағынан қиыншылық көргеніміз



туралы айттым. Сол себепті филология факультетінің деканы, профессор Р.Әміров екеуміз Москва мен Ленинградқа іссапармен барып, араб тілі мамандарымен ұшырасып, нәтижеде Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Азия және Африка институтының сол кездегі ректоры, профессор А.А.Ковалев пен Шығыстану институтының профессоры Г.Ш.Шарбаев бірлесіп жазған “Араб тілі” оқулығының бірнешеуін алып қайттық.

Бірақ олар да аздық етті. 1981 жылы Ташкентте жарық көрген профессор Б.З.Халидовтың та “Араб тілі” оқулығын таптық. Ташкентке барып, оның да 100-ге жуық данасын алып, пойызбен жібердік. Әйтсе де жолсеріктер, бұрын өздері көрмеген араб тілі оқулығына қызықты ма, бермей кеткен де кездер болды.

Студенттерімізді тілдік тәжірибеден өткізу мәселесі біразға дейін шешілмеді. Әйтсе де сол кездегі Орталық Комсомол Комитеті жанындағы “Спутник” туристік компаниясының көмегімен үздік шәкірттердің бірқатарын Египет, Сирияға қысқы уақытқа жіберіп алудың реті келді. Олар елге оралған соң көрген, білгендерін айтып, студенттердің араб тілін оқуға деген ынтасын одан бетер арттыра түсті.

Арада бірнеше жыл өткенде КСРО Жоғары және орта арнаулы министрлігінің рұқсатымен араб тілінің кейбір студенттері мен оқытушыларының жыл сайын Иордания мен Сирияның университеттерінде тілдік тәжірибеден өтуге қол жеткіздік.

Араб бөлімі жабылып та қала жаздаған кез болды. 1986 жыл. Желтоқсан. Дінмұхамед Қонаевты қызметтен шеттеткен, коммунистік биліктің ел білмейтін, қайдағы бір Г.В.Колбин дегенді әкелгеніне наразы қазақ жастары көтеріліске шықты. Ол күшпен аяусыз басылды. 17 желтоқсанда және келесі күндері де алаңға шыққандарды КГБ қызметкерлері оқу орындары мен жатақханаларды аралап, тізім жасап, қамауға алып, жазалауды бастады.

Көтерілісшілер арасында ҚазМУ-дің филология, оның ішінде әрине араб бөлімінің де студенттері болды. КГБ жендеттері университетке келіп, көтерілісшілердің суреттерін көрсетіп, арасында студенттерің болса, аты-жөнін атап, ұстап беріндер десіп жатты. Университет қызметкерлері мен мұғалімдері арасында КГБ-ның жасырын тыңшыларының көп екенін кім білген. Солар әсіресе белсенділік көрсетті. Орталық Комитетте ҚазМУ-де араб бөлімі бар, олар дінді оқытып, исламды насихаттауда дегенді естіген Г.В.Колбин, “что они действительно читают Коран, если это подтвердится, то надо немедленно его закрыть” деген. Оны естіген жандайшаптар дереу атқа мінді, факультет жиналысында араб бөлімін жабу және мені қызметтен кетіру мәселесін көтерді. Сондай алмағайып, қауіпті де қатерлі сәтте университеттің ұстаздары, профессор Тұрсынбек Кәкішев және тағы бірнеше кісі, “жауып көріңіздер, только через наш труп” деп өре түрегелгені естен кетпейді.

Деканның бөлмесіне мені КГБ қызметкерлері шақырып жауап алды.

– Араб бөлімінің мақсаты не? Оны кім ашты? Башысы кім? Сізді ректор Өмірбек Жолдасбековтың туысканы дейді, рас па? Ата-бабаларыңыз ішінде дін адамдары бар ма еді іспетті сауалдар қойылды. Әсіресе бір орыс келіншек қатты қадалды. Сұрақты көп қойды. Жауапты жазбаша жазуды талап етті. Оның қасында отырған бір қазақ жігіт әлдекімдермен телефонмен сөйлескенсіп, әлгі келіншектің қазақша түсінбейтінін пайдаланып, маған қарата:

– Оның қолында нақты құжат жоқ. Саспаңыз деді. Ол сөздер маған жігер берді. Батыл сөйлестім. КГБ қызметкерлері маған кінә қоя алмады. Өйткені 1985-86 жылдары әуелі Тунис Араб республикасы және одан оралған соң Мәскеудегі Шығыстану институтының докторантурасының күндізгі бөлімінде оқып жүрген болатынмын.

Арада бірнеше жыл өтті. Бірте-бірте араб бөлімінің жақсы даңқы Мәскеуге дейін жетті-ау ақыры. Сол себепті жоғары курстың студенті Қ.Лама-Шариф, оқытушы Бағдад Әміреев секілді азаматтарымызды Мәскеудегі “Главзарубежводстрой” Иемен, Сирия мен Иракқа тәржімашылық қызметке тартты.

Азамат Бердібаев, Балтабай Омаров әскери тәржімашылық етті. Арқабай Дадебаев, Марат Жолдасбеков Либия мен Иракта тәржімашы болып қайтты.

Оқытушыларымыз 5-10, 2-10 сынып оқушыларына арнап араб тілі оқулықтарын жазып, бірінен соң бірін шығарып жатты. Сонымен қатар “Араб-Қазақ сөздігі” де “Мектеп” баспасынан жарық көрді.

Осы ретте айта кететін жайт жас шығыстанушыларға шығыс елдерінің тарихы, географиясы, этнографиясы іспетті пәндерді жоғарыда айтылғандай Азия және Африка кафедрасының Кеңес Қожахметов, Нұржамал Алдабекова, Әбдіғали Шөпеков, Сайлау Батыршаұлы, Бахтияр Тасымов, Лаура Ерекешова секілді ұстаздар жүргізді.

Осылай жақсы басталған іс жалғасын тапты. Сонан соң енді парсы, қытай, жапон, кәріс, түрік, урду, һинди бөлімдерін ашу мәселесін де күн тәртібіне қойдық. Сонан соң факультет ашу мәселесі қол бұлғай бастады.

Жаңа факультетті филология және тарих факультеттеріндегі шығыс филологиясы кафедрасы мен Азия және Африка елдері тарихы кафедрасы негізінде құруды жоспарладық. Факультет ашылғанға дейін араб тіліне қоса парсы және қытай тілдерін оқыту ісі де қолға алынған болатын.

Иран мен Қытай құдай қосқан көршілеріміз. Сондықтан олардың да тілі мен әдебиеті, тарихы мен мәдениетін білу қажет. Сол себепті де оларды да қолға алған едік.

Шығыстану факультеттері Ташкентте, Душанбеде, Баку, Ереван, Тбилиси, Москва, Ленинградта бар еді. Ленинградтағы А.А.Жданов атындағы университеті шығыстану факультеті Қазақстанға жылда бір орын бөлетін. Осы күнгі белгілі арабист, ҚР Сыртқы істер министрінің жауапты хатшысы Асқар Мусинов сол шығыстану факультетін бітірген бірегейлердің бірі.



ЖАҢА ФАКУЛЬТЕТ АШУДЫҢ ҚИЫНДЫҒЫ

Шығыстану факультетін ашуға тыңғылықты дайындық жүргізілді. Бірақ оның шешілуі Мәскеудің қолында еді. Ол оңайшылықпен келісім бере қоймады. Мәскеу Орта Азия бойынша Ташкент пен Душанбе ондай факультеттер бар. Қазақстанға ол неге керек? Талапкерлерді сонда жіберіңіздер деумен болды. Оның үстіне КазМУ-дің 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін тағайындалған ректоры өзі алдында ғана көрген репрессиядан сескенді ме, әйтеуір шығыстану факультетін ашуға қарсы болды. Сондай-ақ ол өзі жоқта Республиканың жоғары және орта арнаулы білім министрлігі университетке проректор етіп жіберілген ирантанушы Лениншіл Рүстемовты құптамады.

Ойласа келе, марқұм Ақжан Машановқа барып көмектесуді сұрадым. Ахаң келісті. Университеттің Ғылыми кеңесіне келіп, өз пікірін білдіре келе, ректорды мәмілеге шақырды. Қолдауды сұрады. Ректор бірақ көнбеді. Ол жылдары Қазақстанның Жоғары және Орта білім министрі Шайсұлтан Шаяхметов болатын. Ол қолдап қана қоймай мәселені оң шешу жайлы министрліктің жауапты қызметкері Қ.С.Бәйішевке тапсырма да берді.

Дей тұрғанмен шығыстану факультетін ашу арнамым ұзаққа созылады-ау деген күдікпен 1989 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібековке жазылдым. Онымен 1978 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Йасауи кесенесін өңдеу-жөндеуде бір-екі ай бірге болғанмын. Сонымен арада біраз күн өткенде кеңесшісі шақырды. Қабылдау бөлмесінде біраз ақын, жазушылар отыр екен. Өзекең мені бірінші қабылдады. Өтінішімді айтқанымда әдемі жымыысымен:

– Ой, Әбеке! Мен сені көлік яки пәтер сұрауға келді ме десем. Факультет ашуға ректор қарсы дейді ғой. Неге? деп сұрады.

– Ол жағын білмедім. Ол кісі физика-математика ғылымының маманы ғой. Шығыстану мәселесін түсінбегендіктен шығар.

– Жарайды. Мен Қазақ ССР Жоғарғы, орта және арнаулы білім министрі және ректормен де сөйлесейін деді.

Өзекеңнің уәдесін аяқсыз қалдырмайтынын білемін. Соңыра ол министр және ректормен де сөйлесіпті. Ректор әдеттегідей қарсы болған. Әйтсе де Өзекең мәселенің оң шешімін табуына барынша көмек көрсетті.

Көп ұзамай Үкімет арнайы қаулы қабылдады. Содан 1989 жылы Өзекеңнің көмегі және қадағалауымен 1989-90 оқу жылында жаңа факультет ашылды. Арада үш-төрт ай өткенде Өзекеңнің өзі де университетке келіп, жаңа факультеттің ұстаздары және студенттер қауымымен кездесті. Жас білім ошағының жағдайымен танысты. Мәжілісті мен ашып жүргізіп отырдым. Өзекең факультеттің ұстаздары мен студенттерін мұқият тыңдады. Оның осы сапары туралы «Қазақ әдебиеті» мен «Лениншіл жас» газеттерінде арнайы мақалалар басылды. Енді соларға назар аударайын:

«Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Өзбекәлі Жәнібеков Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің биыл ғана ашылған шығыстану факультеттерінің студенттерімен кездесті. Кездесуді факультет деканы Ә.Дербісәлиев ашты.

Студенттер өз жағдайларын ортаға салды. Атап айтқанда: қазақша оқулықтар мен көрнекі оқу құралдарын дайындау, оқу ісінің материалдық жағын жетілдіру, компьютер жүйесін енгізу, шет елдермен қарым-қатынасты, оқу кестесін қарау, студенттерді жұмысқа орналастыру, степендия, жатақхана мәселелері әңгіме болды.

– Шығыстану факультеті осыдан 30-40 жыл бұрын ашылуы керек еді, – деді бұдан кейін сөз алған Ә.Жәнібеков. – Қазақ тарихы жайында мол деректер шығыс әдебиетінің қойнауында жатыр. Оны меңгермейінше біз өз тарихымызды толық игере алмаймыз. Осы кезге дейін бізде биік мәдениет болған жоқ, жаппай надан болдық деген ұшқары тенденция басым болып келді.

– Шығыстану факультеті түлектерінің болашақ міндеті мен парызы шаң басқан тарихымызды қалпына келтіру арқылы, бүгінгі мәдениетіміздің ілгері басуына ықпал жасау. Сонымен бірге көне түркі мәдениетін де ұмытпауымыз керек. Шынын айтсақ, елімізде өзінің тілін, тарихын білмейтін жастар пайда бола бастады. Ондай құбылысқа тек шынайы ұлттық мәдениетті ғана қарсы қоюға болады.

Кездесу соңында студенттер университеттен шығыстану факультетін ашуға тікелей басшылық жасағаны үшін Ә.Жәнібековке шын жүректен алғыс айтты. («Қазақ әдебиеті», №49, 8 декабрь, 1989 жыл).

«Үстіміздегі оқу жылынан бастап Қазақ мемлекеттік университетінде шығыстану факультеті ашылғаны белгілі. Бұл факультеттің қажеттігі өміріміздің әр саласында байқалып келген болатын. Біздің тарихымыздың дені араб харпімен жазылғаны және шығыс елдерінде жатқаны мәлім. Бүгінгі ұрпақ кешегі тарихқа тіс батыра алмай келеді. Ендеше, шығыстану факультеті рухани өміріміздегі осы олқылықтың орнын толтыруы керек.

Қазір Қазақстанның көптеген елдермен тікелей қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі бар. Бірақ білікті мамандардың, аудармашылардың жоқтығынан біз көптеген Азия, Африка елдерімен көңілдегідей байланыс жасай алмай жүрміз. Ендеше, университеттің шығыстану факультеті республикамыздың түрлі министрліктері, ведомстволары және кәсіпорындары үшін мамандар мен аудармашылар даярласа, бұл саладағы олқылықтың да орны толады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Ә.Ж.Жәнібеков С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінің студенттерімен кездескенде осы жағдайларға назар аударды. Факультет деканы Ә.Дербісәлиев жаңа саладағы алғашқы қадамдармен таныстырды. («Лениншіл жас» № 235, 9 декабрь, 1989 жыл).

Республика тарихында болып жататын игі



жетістіктер жайлы мағлұматтарды оқушыларына дер кезінде жеткізуді ұмытпайтын “Лениншіл жас” газеті бұған қоса әуелі 1989 жылдың шілдесінде журналист Өтеген Оралбаевты жіберіп, менен төмендегідей сұхбат алғаны есімде.

ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ШАҢЫРАҚ КӨТЕРДІ

“Қазақ мемлекеттік университетінің жаңа шығыстану факультеті республиканың мәдени-рухани өміріндегі қуанышты оқиғаның бірі болып отыр. Қазақ-араб әдеби-мәдени байланысының кешегісі мен бүгінгі, шығыс елдеріндегі қазақ әдебиеті, Отаннан тысқары жүрген қазақ жастары, Қазақстан дипломатиялық кадрларының бүгінгі жай-күйі, шығыс тілдерін оқытудың келешегі туралы филология ғылымдарының докторы, профессор, СССР Шығыстанушылар ассоциациясының мүшесі Әбсаттар Дербісалиев біздің тілшіміздің сұрақтарына жауап берді.

– Бұдан аттай он екі жыл бұрын Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультеті жанынан алғаш рет араб бөлімі ашылған еді. Ал факультеттің ашылуы – көптен күткен мәселелердің бірі. Тіпті әлі күнге дейін осы салада кенжелеп қалғанымызды сезіп, еңсеміз түсуші еді. Әйтпесе араб-қазақ, Қазақстан мен Шығыс елдері арасындағы мәдени-рухани қарым-қатынас желісі әрде жатқаны ақиқат. Нәтижелі іс болу үшін нақты жағдай болу керек. Осы тұрғыда ежелден келе жатқан байланыстар сырын таратып айта отырсаңыз. Бұл біздің негізгі әңгімеге барар жол болар еді.

– Қоғамымыздағы ұлы өзгерістер мен тың ұсыныстар әсері ежелден көрші тұрып, қоян-қолтық араласып жатқан Шығыс елдерімен болған қарым-қатынасымыздан айқын көрінеді. Бұған осы жылдың май айында КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М.С.Горбачевтің бір кездері Мұхтар Әуезов айтқан «Дана қарт – Қытай» еліне жасаған тарихи сапары, оның екі ел өміріне бетбұрыс әкелгені дәлел болады. Осындай игі мақсаттан туған жаңа тыныс лебі өзге де шығыс елдерімен болған түрлі әдеби, мәдени байланыстардан білінуде. Сондай сан ғасыр ауыс-түйіс жасап, жақсы дәстүрді жалғастырып келе жатқан жұрттың бірі Таяу және Орта Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдері дер едік. Біздің республикада осы елдердің тарихы мен этнографиясы, әдебиеті мен мәдениетіне деген қызығушылық арта түсуде. Соның дәлелі жуырда ғана С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде араб, парсы, қытай тілі мен әдебиеті тарихынан мамандар даярлайтын шығыстану факультетінің ашылуы дер едік.

– Алғаш шағын бөлім болып қана ашылған бұл бастама мен бүгінгі күннің арасында он жылдан астам уақыт жатыр. Бұл бастау шығыс елдеріне, әсіресе араб елдеріне деген қызығушылықтың тарихи үрдісін дамыта түскен болар.

– Араб шығысы тудырған телегей-теңіз рухани мұралар, ертегі, қисса, әңгіме, аңыздарды оқи отырып, бір кездері «Мың бір түн» елі атанған Бағдат, Басра, Куфа, Каир секілді шаһарларды аралап кеткендей күй кешетінбіз. Араб халқының ғалым, тарихшы, жиһанкез, саяхатшылары да халқымыздың мәдениетіне, салт-дәстүріне ілтипатпен қараған. Олар қазіргі Орта Азия мен Қазақстан жерлерін аралап, олар жайлы көрген, білген немесе естіген нәрселерін жазып қалдырған. Сөйтіп біз ерте кезден-ақ араб жұртымен қоян-қолтық қатынаста болдық.

X-XI ғасырлардан бастап осы халық лұғатынан тілімізге көптеген сөздер енді. Араб әдебиетінің жарқын жұлдыздары біздің әдебиетіміздің айтулы өкілдеріне игі ықпалын тигізді.

Сөйтіп, орта ғасырларда Батыс Европада әдебиеттің, білімнің тілі латын лұғаты болғаны секілді, шығыс дүниесінде араб тілінде әлем мәдениетінің алтын қорына қосылған классикалық тамаша шығармалар туды. Орта Азия мен Қазақстан жерінен шыққан көкірегі ояу талай азаматтар жоғарыда аталған шаһарларға ынтықты, сонда тұрды. Олардың ішінен Аббас әл-Джауһари (IX ғ.), Әбу Насыр әл-Фараби (870-950), Исхак әл-Фараби (X ғ.), Исмаил әл-Джауһари (X-XI ғ.), Алам ад-Дин Исмаилұлы әл-Джауһари (XI ғ.), Әбу-л Қасым әл-Фараби (XIII ғ.), Жамал Түркістани (XIV ғ.), Хұсам ад-дин ас-Сығанаки (XIV ғ.) және тағы басқаларды ерекше атаймыз.

Араб, парсы әдебиеті мен мәдениетінің игі ықпалы біздің XVI ғасырда өмір сүрген қос арысымыз Мұхаммед Хайдар Дулати мен Қадырғали Қосынулы Жалаири шығармашылығынан да байқалады. Өкінішке орай олардың шығармалары әлемге әйгілі болғанымен өздерінің тарихи отанында әлі күнге дейін шыққан жоқ.

– Одан беріде Абай өлеңдерінің араб тілінде шыққанын естігенбіз. Сіз осы елдерде қызмет бабына орай жиірек болып жүрсіз. Бұл тұрғыда осы іспетті не көрдіңіз?

– Иә, Мисуратада (Либия) өткен қазақ графикасы мен қолөнері басылымдарының көрмесіне араб тілінде шыққан кітаптардан Абайдың өлеңдер жинағы да қойылды. Көрмеге келушілер Абай өлеңдеріне қатты қызықты. Сол себепті 1970 жылы жарық көрген осы және басқа да араб тілінде басылған дүниелер көп тиражбен қайта шығарылса, ол араб оқушыларының сұранымын өтер еді. Әрі әдебиетімізді насихаттауға мүмкіндік тудырар еді. Өкінішке орай, мұндай мысалдар аз. Республикамыздың кешегісі мен бүгінгісін баяндайтын әртүрлі буклеттерді араб тілінде шығаратын кез келді. Араб елдерінде өтетін достық күндерінде республикамыздың тарихы мен мәдениеті, әдебиеті мен өнері жайында ғана айтылып қоймайды, сонымен қатар осы елдерге барған өнер, ғылым адамдары достық қарым-қатынас туындатады. Мысалы, 1983 жылы Иракта болған сапарымызда Мосул университетінің ректоры Мұхамад Маджид Саид Қазақ университетімен достық қатынас жасап, студент-стажерлар алмасып тұрғысы келетіндігі туралы айтты. Бұл мәселе шешімін тапты. Былтыр



Мосул университетінен бір маман келіп қайтты, ендігі кезек Қазақ университетінікі.

– «Аударма – алтын көпір» деген қанатты сөз бар. Қазақ әдебиетінде әлі де олқы тұстары мол бұл сала соңғы кездері қолға алына бастағаны көңіл қуантады. Бұл ретте енді ашылып жатқан шығыстану факультетінің де ролі аз болмайды деп үміттенуге қақымыз бар секілді. Және бұл үрдіс аз да болса бұрын қолға алынған, ештеп сүрлеу түскен сала екені де көңілге медеу.

– Достық қатынастың жібек жібін жалғастырып жатқан екінші бағыт – әдеби аударма. Қазақ қаламгерлері әсіресе Ұлы Отан соғысынан кейін Йордания, Сирия, Ирак, Ливан, Палестина, Алжир, Тунис, Судан, Марокко секілді араб елдерінің көптеген прогресшіл жазушыларының шығармаларын аударды. Араб елдерінің белгілі акын-жазушылары, мысалы судандық шайыр Гили Абд ал-Рахман Абайдың таңдамалы өлеңдері мен поэмаларын, ирактық Бурхан әл-Хатиб Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын араб тіліне аударды. Басқа да қазақ жазушыларының шығармалары осы тілге тәржімаланды.

– Жаңа факультеттің болашақтағы жоспарлы жұмыстарының бірі аудармашылық туралы сөз қозғалғандықтан, әңгіме шығыстану факультетіне келіп тірелгені өз-өзінен түсінікті. Мұның шет-жағасын естіп қалған көптеген оқырмандар абитуриенттік науқанның нағыз қызу шағында осы мәселені анығырақ, нақтырақ білгісі келеді. Енді өзіңіз қолға алып, құрылымын жасап жатқан жаңа факультеттің жай-жапсарын айта отырсаңыз.

– 1983 жылдың соңында университетте Шығыс филологиясы кафедрасы құрылды. Қазір онда бір ғылым докторы, бір кандидат, екі аға оқытушы, төрт ассистент, яғни сегіз оқытушы қызмет істейді. Көпшілігі – жастар. Үш адамымыз СССР Ғылым академиясы Москва Шығыстану институты мен Ленинград университетінің аспирантурасын бітіруде. 1984 жылдан бері араб бөлімінің жоғары курс студенттері Тунис, Йордания, Сирия университеттерінде болып, тағылым алып қайтты. Олардың біркатары Ирак, Оңтүстік Йемен, Ливияда аудармашылық қызмет атқаруда. Мұның бәрі — өзіңіз сұрағандай ҚазМУ-де шығыстану факультетін ашу үшін дұрыс база жасалғандығын білдіру. Ал енді негізі осылай қаланған жаңа факультеттің құрылымына келер болсақ, ол шығыс филологиясы және шығыс тарихы деген үлкен екі бөлімнен тұрады. Шығыс филологиясында «Араб тілі мен әдебиеті», «Қытай тілі мен әдебиеті», «Парсы тілі мен әдебиеті», ал шығыс тарихы бөлімінде «араб тілді шығыстанушы-тарихшы», «қытай тілді шығыстанушы-тарихшы», «парсы тілді шығыстанушы-тарихшы» мамандары даярланады. Студенттер IV курсты бітірген соң оқыған тіліне орай сыртқы шығыс жұртының жоғары оқу орындарына білімін көтеру үшін практикаға жіберіледі.

– Шығыстану факультеті деп аталған соң ол тек араб тілімен ғана шектеліп қалмайтыны белгілі ғой.

– Әрине, біз сөйтіп енді араб тілін ғана емес, сонымен қатар қытай, парсы тілдерін де игере бастаймыз.

Біздің тарихымыз, әдеби, мәдени мұраларымыз осы тілдерде жатыр. Сондықтан осы тілдер бойынша мамандар даярлайтын уақыт жетті. Қытай, парсы бөлімдерін ашу үшін алдын-ала біркаатар дайындық жұмыстарын жүргіздік. Газеттерге тіл мамандарын іздеген хабарландырулар бердік. Соған байланысты қытай тілінің 10, парсы тілінің 4 маманы келіп тіркелді. Олардың бәрі де Алматыда тұрады екен. Бізге әлі әзір қытай тілінен бір, парсы тілінен бір оқытушы керек. Алдағы уақытта бұл сан көбейе түседі. Араб тілінің тәжірибесіне сүйене отырып, енді 2-10 сыныптарға арналған қытай және парсы тілдерінің оқулықтарын жазуды қолға аламыз.

Жоғарыда аталған екі бөлімге жыл сайын 50 студент қабылданады. Егер таратып айтсақ, араб тілі мен әдебиетіне – 9, қытай тілі мен әдебиетіне – 8, парсы тілі мен әдебиетіне – 8, барлығы – 25 адам, араб тілді тарихшы – 9, қытай тілді тарихшы – 8, парсы тілді тарихшы – 8, барлығы 25 адам қабылданады. Университеттің үлкен ғылыми кенесі екі бөлімге де мектепті қазақ тілінде бітірген жастар қабылданады деп шешті.

Шығыс тарихы бөліміне түскісі келгендер биылша тарих факультетінде, шығыс тілдері мен әдебиеті бөлімінің абитуриенттері филология факультеті құрамында қабылдау емтихандарын тапсырады. Келер жылы шығыстану факультетіне қабылдау ережелеріне өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Сонымен, шығыстанушы-тарихшылар СССР тарихынан – ауызша, қазақ әдебиетінен – жазбаша, қазақ тілі мен әдебиетінен ауызша – емтихан тапсырса, филология бөліміндегі шығыстанушылар да осы пәндерден емтихан тапсырады.

– Шет елдермен қарым-қатынас аясы кеңейіп келеді. Осы ретте соңғы кездері дипломатиялық жұмыста қазақ жастарының мүлдем аздығы туралы әділ пікірлер айтылып жүр. Кадр дайындау мәселесі жақсы жолға қойылмай келді. Жаңа факультет осы олқылықтың орнын толтыруға мүмкіндік жасайды дегуге негіз бар ма?

– Ел мен ел арасындағы қарым-қатынасты пәрменді де жүйелі жүргізу үшін ең алдымен тіл мамандарын даярлау керек. Олардың қажеттілігі қазір айқын сезілуде. Өткен жылы бір ғана Қытайдың өзінен Алматыға 14 делегация келіпті. Осы күндерде тіл кадрларына деген зәрулік айқын байқалуда. Кадр дегеннен шығады, жуырда, өткен май айында, республикамыздағы «Отан» қоғамының бастығы Ш.Жәнібеков Қазақтың шет елдермен достық және байланыс қоғамында өткен ресми жиында шет елдерінде тұратын қазақ жастарын Алматыда оқыту қажеттігін айтты. Ол үшін арнайы қаржы бөлуге дайын екендігін білдірді.

Осыдан келіп өзіңіз сұраған мына проблемаға тоқтала кеткен жөн секілді. Жоғарыдағы айтылғандай, соңғы жылдары қызмет бабымен Азия және Африканың түрлі елдерінде болдым. Сонда байқағаным – біздің халықтан шыққан дипломаттардың аздығы. Совет Одағымен қатынастағы елдер ішінде СССР-дің Мароккодағы елшісі ғана – М.С.Фазылов қазақ.



Әрине совет елшіліктерінде дипломатиялық кіші қызметкерлер бар. Бірақ сол аздаған адамдардың өзі ана тілін таза білмейді.

1986 жылы екі Йемен елінде болғанымда осында бірнеше қазақ дипломаттарын ұшыраттық. Соның ішінде осы елдегі СССР-дің бас консулы Болатхан Тайжанов болмаса, қалғандарының көпшілігі ана тіліне шорқақ. Жалпы, қазақ дипломаттарының әріден келе жатқан тарихы бар. Ұлы Отан соғысына дейін Сауд Арабия мемлекетінде Нәзір Төрөқұлов СССР-дің елшісі болған. Бірақ ол сталиндік алапат машинаның құрбаны болды. Енді үзіліп қалған жақсы дәстүрді жалғастыру қажет. Совет Одағында дипломат кадрлары негізінен Москва мемлекеттік халықаралық қатынас институты мен Киев мемлекеттік университетінде дайындалады. Енді Алматыда, ҚазМУ-дің жанынан аймақтық халықаралық қатынас факультетін ашуды жоспарлап, дайындық жұмыстарын қазірден бастаған дұрыс.

Сонымен көптен күткен шығыстану факультеті шаңырақ көтерді. Жаңа факультеттің алдында жүзеге асырар қыруар іс күтіп тұрғанын жасыруға болмайды. Ол үшін тиісті жауапты орындардың да жан-жақты қамқорлығы қажет. Өйткені бұл – бірдің ғана емес, мыңның ісі. Ұлтымыздың мәдени-тарихи дәстүрінің дамуы мен болашағы да осы орайдағы жүйелі жұмыстарға байланысты. Шығыстану факультетіне түскісі келетін әрбір албырт жас осы тұрғыдан кеңірек ойланса, нұр үстіне нұр болар еді. Біз жаңадан ашылған жас факультеттің оқытушылар ұжымына жемісті қадам тілейміз.

“Лениншіл жас”, 1989, 11 шілде.

Әңгімелескен Өтеген Оралбаев.

Осы ретте айта кететін жайт Қазақстандағы жақсы жаңалық туралы Сирияның бас газеті де мақала жариялады. Ол туралы “Қазақ әдебиеті” газеті жазды.

СИРИЯ ГАЗЕТІ ҚАЗАҚТЫҢ ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ЖАЙЛЫ

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде Шығыстану факультетінің ашылуы қазақ халқының екі жүз миллионға жетіп отырған араб жамағатымен сталиндік өктемдік дәуірінде үзіліп қалған рухани байланысын жаңғыртуға деген талпынысы Таяу және Орта Шығыс елдерінің де назарын аударуда.

Жуырда Сирия Араб республикасы үкіметінің ресми органы «Әл-Баас» газеті өз тілшісінің Қазақ университетіндегі Шығыстану факультетінің деканы, СССР Шығыстанушылар Ассоциациясының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлиевпен болған сұхбатын жариялаған. Онда қазақ-араб халықтарының мәдени достық байланысының өткені мен бүгінгі, Қазақстандағы шығыстану ғылымының кейбір актуальды мәселелері, Қазақ университетіндегі бұрынғы араб бөлімі негізінде жаңа факультет ашылуы, оның алдына қойылып отырған міндеттер,

жаңа ғылым ордасының ұстаздар қауымы мен студенттері, Қазақ шығыстанушылары ғылыми еңбектерінің бағыт-бағдары, сондай-ақ белгілі қазақ арабисінің өз шығармашылығы да арнайы сөз болған.

Қазақ жерінде тұңғыш рет ашылып отырған бұл факультетте шет елдік қазақ жастары да тағлым алуды бастады. Факультеттен тікелей қарым-қатынас жасауға Азия және Африка елдерінің бірқатар университеттері мен жоғары оқу орындары тілек білдіруде.

“Қазақ әдебиеті”, 1990, № 8-23 ақпан.

1991 жылы университетке профессор Көпжасар Нәрібаев ректор болып тағайындалған соң білім ордামыз өрлей бастады. Оның шарапаты шығыстану білім, ғылымы, факультетіне де тиді.

Оқу орнымызға С.М.Кировтың орнына ұлы бабамыз, отырарлық Әбу Насыр әл-Фарабидың аты берілді және ҚазМУ қалашығына оның үлкен ескерткіші қойылды.

Тәуелсіздік алған соң мұсылман елдері, әсіресе араб жұртының университеттерімен жақсы байланыс орнатуға жол ашылды. Бұл ретте Египетті ерекше атаған жөн сияқты. Әсіресе X-XIV ғасырларда, яғни бұл елді мамлюктер билеген кезде Қазақ елінің түрлі аймақтарынан ғылым, білім іздегендер Мысырға жол тартқаны белгілі. Бірақ бұл үрдіс кейінірек үзіліп қалды.

Кеңестік кезеңде Мысыр елінің ғылым, білім ордаларына араб тілі бойынша тағлым алуға негізінен Москва мен Ленинградтан көбірек студенттер жіберілді. Орта Азиядағы елдер тәуелсіздік алған соң бізге де мүмкіндік туды.

Бірде университетімізге Египеттің әл-Миния университетінің басшылары келді. Күтіп алдық. Алматы және оқу орнымызды аралаттық. Кездесулер ұйымдастырдық. Олар ризашылықпен Мысырға аттанып кеткен соң ректор Көпжасар Нәрібаев пен Мені Египетке шақырды.

Әл-Миния Египеттің оңтүстігінде, Каирден 100-ден астам шақырымдай жерде, атақты Ніл жағасында екен. Қала халқы миллионнан асады. Университет Мысырдағы белгілі жоғары оқу орындарының бірі боп шықты. Ұстаздарымен ұшырастық. Кітапханасы мен жатақханасын да көрдік. Нілдің қарсы бетінде банан плантациясы бар екен. Оны да тамашаладық.

Әл-Миния университетімен де өзара әріптестік жайлы келісімшартқа қол қойдық. Сонан соң электричкаға отырып Каир арқылы Жерорта теңізі жағалауындағы Александрия қаласына келдік. Ондағы университетте де болдық.

Әл-Миния университетінде содан студенттеріміз күні бүгінге дейін біліктілік арттырудан өтіп жүр.

МАРОККО САПАРЫ

80-жылдардың ортасында Алматы мен Марокконың Мекнес шаһарлары бауырлас қалалар деген хаттамаға қол қойды. Оларға тәржіма жағынан біз көмектестік.



Сол себепті хаттамаға студенттеріміздің де Мекнесте біліктілік арттырып қайту мәселесін кіргіздім. Соның арқасында жыл сайын 10-15 шәкірттеріміз, араб тілінің бір мұғалімінің жетекшілігімен Мекнестегі Маулай Исмайыл университетінде бір жылдай оқып қайтып жүрді.

Мекнес дегеннен шығады, ондағы Маулай Исмайыл атындағы университет басшылары 1991 жылы желтоқсанда Алматыға келіп, ғылым ордамыз және Шығыстану факультетімен танысып, жетістіктерімізді көздерімен көріп, табыстарымызға игілігін тіледі. Марокколықтардың сол сапары туралы 1991 жылы желтоқсан айында “Алматы ақшамы” газетіне арнайы мақала жазған екенмін. Енді соған назар аударайын.

“Соңғы жылдары әдебиеті мен мәдениетінің тарихы ғасырлар тереңіне жетелейтін араб жамағатымен ежелгі байланысымыз қайта жанданып, қарым-қатынасымыз баянды бола бастады. Азия, Африка құрылықтарына кесіле жайғасқан жиырмадан астам араб елдері ішінен әлем өркениетіне үлес қосқан жұрт ретінде Марокконы да атауға болады. Солтүстік Африканың қиыр батысында жатқан осы елдің Мекнес атты шаһарымен астанамыз Алматы бауырлас қалаға айналғалы төрт-бес-ақ жылдың жүзі болды. Соған қарамай қалыпты қатынас орнады. Марокко жастары Алматының түрлі жоғары оқу орындарында оқып жатса, астанамыздағы араб тілін оқытатын мектеп шәкірттері де өткен жылы Мекнеске барып, бір айға жуық демалып қайтты. Баянды байланыс қазір жиілей түсуде. Мысалы, Мекнестегі Маулай Исмаил университеті мен Қазақтың Әбу Насыр ал-Фараби атындағы университетінің шығыстану факультеті жуырда өзара тиімді ынтымақтастық шартқа қол қойды. Жақында, сөйтіп, ҚазМУ-дің аталған факультетінің 10 студенті араб тілін тереңдете оқу мақсатымен Мекнеске аттанып та кетті.

Оларды өзін бастап бардым. Міне, осылай екі университет арасындағы игі байланыс өзгелерге үлгі болғандай. Әрине, ынтымақтастық шарт бірден жасала салған жоқ. Үстіміздегі жылдың мамыр айында Алматыға бауырлас қала – Мекнестің делегациясы құрамында Маулай Исмаил университетінің бір топ оқушылары келген болатын. Олардың арасында ақын, жазушылар, өнер адамдары да бар екен. Солардың бірі төменде өлеңдері жарияланып отырған жігіт ағасы Идрис Әбу Идрис. Ол – Мекнес университетінің ұстазы. Тарихшы. Алматыны аралау кезіндегі танысу, достық қабылдаулар мен шын ықыласты кездесулер әсерімен біраз жыр жазыпты. Ақынның сол өлеңдерінің бірімен қазақ оқырмандарын таныстыруды жөн көрдік.”

Әбсаттар Дербісәлиев,
шығыстанушы-арабист, профессор.

Уақыт бізді айырса да қаншама,
Елдеріміз екі шетте болса да.
Тыныштық пен үміт тілеп баршаға,
Қазақстан-Гүлстанға келдік біз!

Көріспекке достарменен қауышып,
Жер түбінен – шөлден ұшып, тау ұшып,

Ынтық сезім махаббатқа ауысып,
Қазақстан-Гүлстанға келдік біз!

Еске алмаққа заманды бір күліскен,
Өркениет шәрбатынан бір ішкен.
Жаңаша бір қуанышпен, тыныспен,
Қазақстан-Гүлстанға ендік біз!
Еркін елдің ұлы біздер – қаһарман,
Халықтардың достығынан от алған.
Зәйтүн өскен Мекнестей шаһардан,
Қазақстан-Гүлстанға келдік біз!

Табыстырып мұсылманның баласын,
Алатау мен Атластың арасын.
Даңғыл қылып, талай-талай жон асып,
Қазақстан-Гүлстанға ендік біз!

Адаспадық бізді айырған жылдарда,
Сезімге ыстық толды қайта мұнды арна.
Жарқырап нұр-шырағымыз тұрды алда,
Қазақстан-Гүлстанға сендік біз!

Сіздің ұлдар біздің елде білім ап,
Сіңіріп біз сіздің елдің нұрын ақ.
Өтіп жатыр достық күні зымырап,
Қазақстан-Гүлстанға сендік біз!

Ғылым, Достық, Тыныштықты қорғаған,
Бір Аллаға мінәжатын арнаған,
Екі ел-дағы сан қырғыннан қалды аман,
Қазақстан-Гүлстанға сендік біз!

Үміт күткен менің қалам, далам бар,
Қазақпенен туыстықтан алам нәр.
Ал, ендеше, достасайық, жарандар,
Жасай берсін Қазақстан-Гүлстан!

*“Алматы ақшамы”,
1991 жыл, 18-желтоқсан.*

Ал олар осы сапарларының алдында 1991 жылы жазда бізді Мароккоға шақырған болатын. Делегацияны Республиканың жоғары және орта арнаулы білім министрінің орынбасары Шәмша Беркімбаева басқарды. Мүшелері – мен, Бағдад Әміреев, Марзия Маженова, университетіміздің халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Райхан Қалиева болып Солтүстік Африканың батысындағы Атлант мұхиты жағасына жақын елге аттандық. Касабланкада, мемлекет астанасы Рабатта, ежелгі шаһары Фесте және онда X ғасырда ашылған университетте және әрине Мекнесте бір аптадай болдық. Оқу орнының тарихы, ұстаздары мен студенттері, оқу процесімен таныстық. Олар қазақ елінің делегациясын жылы қарсы алды. Жетістіктерімен таныстырды. Шәкірттерімізді де тілдік практикадан өткізуге дайын екендіктерін білдірді. Сөйтіп бұл бір ерекше сапар болды. Біраз көркем әдебиеттер, оқулықтар мен оқу құралдарын, сөздіктер, қысқасы ұстаздарымыз бен шәкірттерімізге аса қажет көптеген әдебиеттерді алып қайттық.



Соңыра Атлант мұхиты мен Жерорта теңізі тоғысып жатқан Гибралтар бұғазындағы Танжер қаласында да зиярат еттік. Елдің табиғаты, қалалары мен халқының тұрмыс тіршілігімен таныстық.

Кейін студенттерімізді де олар дәл осылай қарсы алып, араб тілі мен әдебиеті, тарихы мен мәдениеті бойынша жақсы білім беріп, естен кетпестей етті.

ТЕЪРАН МЕН ИСФАҢАНҒА ЗИЯРАТ

Университетімізге 1992 жылы Иранның Сыртқы істер министрі Әли Акбар Велаяти келді. Ғылыми кеңесте сөз сөйледі. Қазақстан мен Иран елдерінің достық қатынасын тілге тиек етті. Біз де оған тілектестік білдіре келе министрге ҚазМУ-дің “құрметті докторы” дәрежесін бердік. Ол риза болып, дипломды Теһранға келіп, Иранның сыртқы істер министрлігі ұжымының алдында табыстауды ұсынды. Келістік.

Ректор Көпжасар Нәрібаев, Мен және Лениншіл Рүстемов үшеуіміз Теһранға барып дипломды оған өзі өтінгеніндей Иранның Сыртқы істер министрлігінде тапсырдық. Теһранда бізді Иранның оқу министрі мен университет ректоры қабылдады. Тарихи Исфahan қаласына да зиярат еттік.

Теһран университеті мен ҚазМУ-дің арасында ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылды. Онда парсы тілін оқитын студенттердің Теһран университетіне тілдік практикадан өтуі ескерілді.

Теһран университетінің кітапханасының қолжазба қорынан Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашидиінің” XVIII ғасырға жататын қолжазбасын алып қайттым. Оны кейін Тараз университетіне бердім.

Парсы тілі дегеннен шығады, оның алғашқы ұстаздары Ленинградтық шығыстану факультетінің парсы тілі бөлімінің түлегі Марат Мұнатаев пен Жұлдыз Жаппасбаева, Душанбелік Самандор Мұсаев, Ташкент университеті шығыстану факультетінің парсы тілі бөлімін бітірген Малик Жексембаев және К.А.Зейнали еді. Әйтсе де студенттер санының артуына байланысты ұстаздарға деген қажеттілік тағы да байқалмай қоймады.

Факультетке Мәскеудің шығыстану институтының аспирантурасын бітірген әрі жазушы, ақын, әрі ғалым Өтеген Күмісбаевтың келуі үлкен күш болды.

Теһран университетінің парсы тілі бөлімін бітірген, парсы тілін ана тіліндей білетін ұлты қазақ, ирандық Ислам Жеменей атты азамат жайлы естідім. Ол Стамбулда тұрып жатыр екен. Бұл әлі Кеңес Одағы тарқамай тұрған кез еді. Дереву Стамбулдағы Кеңес Одағының елшілігіне хат жазып, Ислам Жеменейді мүмкін болса тауып, Алматыға жіберуді өтіндік.

Арада біраз уақыт өткен соң, бірде Ислам Жеменей есік қақты. Таныстық. Білістік. Оны университетке ұстаздық қызметке алдық. Ол Қазақстан, қазағым елім, жұртым дейтін отаншыл жігіт екен. Көп ұзамай іске кірісіп кетті.

Одан соң Асхат Оразбаев деген жас жігітті де парсы тілінің оқытушысы етіп қабылдадық. Оның тарихы да

қызық. Парсы тілі ұстаздары аздық ете бастаған соң бірде Малик Жексембаевтан өздерің оқыған Ташкент университетінде өзге қазақ жігіттер бар ма еді деп сұрадым. Ол Бішкектен Асхат Оразбаев деген қазақ жігіт оқығанын, университетті бітірген соң оның қайтадан Бішкекке қайтып кеткенін, егер қателеспесем Бішкекте, радиода журналист болып істейді деді.

Бішкектің радиотеледидар комитетінің кадр бөліміне телефон соқтым. Асхаттың үйінің телефонын алдым. Асхат іссапарда екен. Келген соң ҚазМУ-ге маған телефон соқсын дедім. Біраз аптадан соң қоңырау соғылды. Асхат екен. Кел Алматыға, нағыз қазақ болсаң, тарихи отаныңа қайт. Біз шығыстану факультетін, оның ішінен парсы тілі бөлімін аштық. Ұстаздық қызмет дайын дедім. Жатақхана мәселесін де шешетінімді айттым. Ол уәдесінде тұрып келді. Тарихи отанына ол осылай келіп сіңісіп кетіп еді.

Ислам Жеменей әуелі кандидаттық, соңыра докторлық диссертациялар қорғады. Азаматтық алды. Үйлі-жайлы болды.

Осы күндері Қазақстанның Индонезиядағы елшісі Асхат Оразбаев та ҚазМУ-де біраз жыл істеді. Үйленді. Отбасылы болды. Пәтер алды. Содан кейін Қазақстан тәуелсіздігін алып, сыртқы елдерде елшіліктер ашыла бастаған соң, Қазақстанның Сыртқы істер министрлігіне қызметке ауысты. Министрдің көмекшісі, Біріккен Ұлттар Ұйымының Теһрандағы беделді қызметкері, республикамыздың Түркіменстандағы елшісі секілді жауапты қызметтер атқарды. Қазір жоғарыда айтқанымдай Джакартада елші.

Қытай тілі бөлімін ашу, оны ұстаздармен жабдықтау да оңай болған жоқ. Бұл тілдің алғашқы ұстазы – Мәди Нұрсаидов еді. Ол да Ташкент университетінің қытай тілі бөлімін бітірген екен. Ол қосымша өзі қазақстандық, ұлты қытай бір жігітті тауып келді. Ол Алматының іргесіндегі Есік қаласында тұратын боп шықты. Екеуі нық тіресе, ынтымақтаса ұстаздық етті. Мен ол кездері (1992 ж.) университеттің декандығынан халықаралық қатынас және тілдер жөніндегі проректор қызметіне ауысқан едім. Факультеттің кураторы да өзім болдым. Қытай елімен де елшілік орнап, университеттерімен де әріптестік орнатудың сәті түсті.

Сонан соң қытай тілі кафедрасы құрылғанда К.Ш.Хафизова және тарихи отанына оралған Ж.Самитұлы, Д.Мәсімханұлы және т.б. ұстаздық етті.

Үрімші, Ланчжоу университеттерімен ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойдық. Қытай тілі бөлімінің студенттері Үрімшіде, Ланчжоуда, Пекинде тілдік практикадан өтіп жүрді. Үрімші, Ланчжоу, Пекин университеттерінен Қытай тілінің ұстаздары келіп сабақ бере бастады.

Сөйтіп шығыстану факультеті ашылғанда әуелде араб, парсы, қытай тілі бөлімдері болды. Сонан соң жапон, хинди, кәріс, урду бөлімдерін ашып, оқу орнымыз толығына түсті. Осы тілдердің оқулықтарын, сөздіктерін жазу қолға алынды. Университетіміздің үздік бітірген студенттерді өзімізге ұстаздық қызметке алып қалып отырдық.



ЯСИР АРАФАТПЕН КЕЗДЕСУ

Бірде ректор шақырды. Бардым. Ол кісі бірнеше күндерден соң университетімізге Палестина Азаттық Ұйымының төрағасы, елінің бостандығы үшін аянбай күресіп келе жатқан Ясир Арафаттың келетіні жайлы Үкіметімізден хабарлағанын айта келе, ол кісімен ұшырасуға шығыстану факультетінің студенттері мен оқытушыларының да қатысқаны жөн деп ойлайтынын, жоғары жақтың кездесуінде менің араб тілінде Палестина халқының әдебиеті жайлы баяндама жасауымды ұсынғандары туралы мәлімдеді.

Палестина елінің үлкен делегациясын өткен ғасырдың 80 жылдарының басында КСРО-ның шетелдермен достық байланыс қоғамының бөлімі болып табылатын Қазақтың шетелдермен достық байланыс қоғамы қабылдап, университет ұжымымен кездесу өткен-ді. Ұшырасу университеттің бұрынғы Киров пен Масанчи көшелері қиылысындағы Математика мен механика факультеті ғимаратының акт залында өтті. Бұл Совет Одағының даңқы дүркіреп, Коммунистік партияның қылышынан қан тамып, айтқанының жүріп, дегенінің болып тұрған кезі болатын.

Кездесуді университет ректоры Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтың өзі ашып жүргізіп отырды. Ұшырасуға делегацияны Ясир Арафаттың өзі болмаса да, одан кейінгі басшыларының бірі бастап келді. Делегация құрамында өнер және мәдениет қайраткерлері де болды. Өмекең араб бөлімінің ұстазы және басшысы ғана емес, сондай-ақ Қазақтың шетелдермен достық қоғамы қазақ-араб бөлімінің мүшесі болғандықтан маған әрі тәржімашы болуды, әрі сөз сөйлеуді тапсырды. Бір жағы жас шығыстанушы ұстазының жұртқа көріне бергенін жөн санаса керек. Ұшырасу өте қызықты да тағлымды өтті. Сөзім де жаман шықпаған сияқты. Ал, Палестинаның өнер қайраткерлері халқының ұлт-азаттық күресін бейнелейтін көрініс қойды. Ән салып, би де биледі. Университетіміз соңыра оларға базарлық ретінде сый-сияпаттар жасады.

Ал, 1991 жылғы Ясир Арафатпен кездесу, содан 20 жыл өткен соңғы ұшырасу еді. Бұл кездері Совет Одағының шатқаяқтап тарауға тақау қалған шағы еді.

Ясир Арафаттың Қытайдан қайтып келе жатқан беті екен. Өз еліне ниеттес, тілектес мұсылман қазақ жұртына да соға кеткісі келген болу керек. Оны Қазақстанның Премьер-Министрінің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков бастап келді. 14-қабаттағы залда кездесу қылышырайлы жағдайда өтті. Ясир Арафаттың жанында салбыраған тапаншасы. Оны ол үнемі тастамайды. Кім болсын?! Ол уақытта да қазіргідей палестиналықтардың Израильдің тепкісіндегі кезі. Ясир Арафатқа талай қастандық та жасалды. Құдай сақтап әйтеуір аман қалып келді.

Кездесуді ректор Көпжасар Нәрібаев ашты. Ясир Арафат та сөз сөйледі. Залда қасымда отырған бір кісі – Ойпырмай қандай оптимис кісі. Халқының азаттық алатынына сенімі зор ғой. Әй бірақ, Израильдің

тепкісінен құтылу оңай болмас дейді. Өйткені Израильдың артында АҚШ тұр.

Сөз маған берілді. Мен Палестина халқының әдебиеті, оның ішінде атақты ақындары Махмуд Даруиш, Муин Бсису және тағы басқалардың шығармашылығы туралы әңгімеледім, баяндама араб тілінде жасалды.

Ясир Арафат қатты риза болды. Сөйлеп болған соң, түсіп бара жатыр едім, мені ол өзіне президиумға шақырды. Сонан соң мені бауырына басып құшақтаумен қатар, рахмет айтты да, баяндама текстің беруді сұрады. «Ол неге керек?» деппін.

Палестинаның бір журналына бастырам деді ол. Бердім. Оның көмекшілері осы сәттерді суретке түсіріп жатты. Кейін маған беріп жіберіпті. Ол суреттер күні бүгінге дейін менде сақтаулы тұр.

Кездесу аяқталған соң баспалдақпен көтеріліп лифтіге беттедік. Маған осы сәті бір ой келді. Университеттің фотографын шақырдым да Ясир Арафатқа бірге ескерткішке суретке түсуді өтіндім. Ол келісті. Осы сәтте біздің қатарымызға Көбекең мен ғылым жөніндегі проректор және Ясир Арафаттың көмекшілерінің бір келіп тұрды. Ол сурет те қымбат ескерткіш ретінде менің мұрағатымда.

Шығыстану факультетінің де студенттері мәз. Өздері сырттай жақсы білетін көрнекті күрескер, мемлекет қайраткерін көздерімен көріп, сөздерін естігендері шынында да үлкен оқиға болды. Олар онымен қатар араб тілінде Ясир Арафатқа сұрақтар да қойып, жауап алып жатты.

Сөз басында араб бөлімі құрылған соң оқулықтар мен оқу құралдарын жазу мәселесін де қолға алғанымызды айттым. Сол іс бойынша 2012 жылға дейін төмендегідей шаруалар атқарылды.

Араб тілі мен әдебиеті бойынша оқулықтар:

1. Мәженова М.Н. Араб тілі. 5 класс. Алматы, “Мектеп”. 1975.
2. Мәженова М.Н. Араб тілі (5 кластың араб тілі оқулығына методикалық құрал). Алматы, “Мектеп”. 1978, 136-бет.
3. Өсеров Н., Қайранбаев Ж. Араб тілі. 2 класс оқу құралына методикалық нұсқау. Алматы, “Мектеп”. 1979, 250-бет.
4. Дәдебаев А., Қайранбаев Ж., Арабша-қазақша сөздік. Алматы, “Мектеп”. 1980.
5. Дербісәлиев Ә.Б. Араб әдебиеті. Классикалық дәуір. Алматы, “Мектеп”. 1982.
6. Кеңесбаева С.С. Спектральный анализ гутторальных согласных арабского литературного языка. Алма-Ата, 1982.
7. Нәлібаев Ж.Б., Қайранбаев Ж.Қ. Араб тілі мен әдебиеті терминдерінің сөздігі. Алматы, “Рауан”, 1983, 102-бет.
8. Ондасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік (2 том). Алматы, 1974-1984.
9. Шафиғов М. Араб тілі. 5 сынып. Алматы, “Мектеп”. 1986, 120-бет.



10. Дәдебаев А. Арабша-қазақша сөздік. Алматы, “Мектеп”. 1989.

11. Өсеров Н. Араб тілі: 3-сынып. Алма-Ата, “Рауан” 1990, 142-бет.

12. Дербісәлиев Ә., Токмамбаева Ж., Шафигов М. Араб тілі. 5 класқа арналған оқулық. Алматы, “Рауан”. 1993, 110-бет (үшінші басылуы).

13. Нұртазинова Д., Серікбаева Ж. Коммерциялық қатынас хаты. Алматы, 1998.

14. Жұбатова Б.Н., Рамазанова Г.Р., Әбідін З.А. Араб жазуының қазақша нұсқалары. Алматы: Қазақ университеті, 1999.

15. Ахметбекова А. Араб тілі. 1 курс студенттері үшін. Алматы: Қазақ университеті, 2000.

16. Ахметбекова А.К., Жұбатова Б.Н., Араб тілі. 4 курс студенттері үшін. Алматы: Қазақ университеті, 2000.

17. Атабай Б. Орта ғасырлардағы араб географиялық дәстүрі. Алматы: Қазақ университеті, 2002, 51-бет.

18. Мәженова М. Араб тілі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. Алматы, “Атамұра”. 2002, 155-бет.

19. Атабай Б., Рамазанова Г.Р., Әбідін З. Араб тілі: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Алматы. “Мектеп”, 2005, 320-бет.

20. Тасымов Б.С. Араб тілі (үшінші басылым). Алматы. “Рауан”, 2005.

21. Жұбатова Б.Н., Қалиева Ш.С. Араб тілі: жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. Алматы. “Мектеп”, 2011.

22. Надирова Г.Е., Ахметбекова А.К., Алжанбаева Ұ. Араб тілі: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Алматы. “Мектеп”, 2012.

Түрік тіл бөлімін ашу мәселесі де шешімін тапты. Ол пәннің әуелгі ұстазы Фадли Әлиев еді. Ол ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген, ұлты түрік, Қазақстан азаматы болатын. Өте салмақты, ұстамды нағыз ұстаз еді. Ол бөлімнің ісін қарқынды мақсатымен Анкарадағы ең мықты оқу орындарының бірі Қожатепе университетімен байланысқа түстік. Көп ұзамай Алматыға ол оқу орынның ректоры бастаған делегация келді. Ынтымақтастық жайлы келісімшартқа қол қойылды. Фадли Әлиев тәржімашы болды. Түрік бауырларымыз Қазақстанның оқу орнында ашылған жаңа бөлімге құлшына көмектесті. Ұстаздар жіберді. Айтпақшы сол жылдары Түркияда тұратын қазақтар да тарихи отанымен барыс-келісті үдете түскені есте. Мансур Тайжы деген азамат жиі келіп тұрды. Біз де орайы келгенде Стамбұл, Анкараға ат ізін салуға тырыстық.

1994 жылы Түркияға жауап сапар жасадық. Осы елдің Стамбұл, Анкара, эр-Зурум, Измир қалаларында болдық. Измир шаһарының шетіндегі шатқалда киіз үй тігіп, бие байлап, қымыз ашытып отырған генерал қазақ Шеризат Догру ағамыздың үйінен дәм таттық.

Жапон бөлімін ашу оңайға соқпады. Ұстаздар бірден табыла қоймады. Түркиялық қазақтар Анкара университетінің жапон тілі бөлімінде Токиода оқып келген ұлты қазақ, жапон тілін жақсы білетін Абылай

атты азамат бар деген соң, оны да Алматыға шақырттық. Келді. Шынында да Абылай жапон тілін жақсы білетін, тәжірибесі де бар ұстаз екен. Бірақ ол Қазақстанда қалып, ҚазМУ-де мұғалім болуға келісе қоймайды. Осы орайда Бішкекте, қырғыз, түрік тілін білетін Хироши Окава деген жапон жігітінің барын естіген соң оны Алматыға шақырдым. Ол да қабылдауды қабыл алды. Оған жатақханадан бөлме бердік. Ол Алматыда қалып, жапон тілінен сабақ беруді бастап кетті. Хироши де өз ісіне құлшына кіріскенін, жапон тілі бойынша сөздік те жазғанын айту ләзім. Ол Токиода қызмет істейтін, түрік тілінің маманы, қазір атын ұмытыппын тағы бір жапон жігітін тауып келді. Сөйтіп екеулеп ҚазМУ-дің жапон бөлімінде ұстаздық етті.

Әлдеқалай 1993 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің проректоры телефон соғып, Токионың халықаралық университетінің ректоры Мәскеуде іссапарда жүргенін, оның енді Қазақстанға, Алматыға да бармақ ойы барын айта келе, күтіп ала аласыздар ма деді. Неге күтіп алмайық. Ол келді. Алматыда 3-4 күн болды. Қонақжайлық көрсеттік. Өзі сұраған факультеттерін аралаттық. Соңыра шығарып салдық.

Ұзамай ол мені Токиоға шақырды. Оған ректор Көпжасар Нәрібаев екеуміз бардық. Мәскеу арқылы Токионы бетке алдық. Күтіп алды. Елінің тарихи жерлерін, жоғары оқу орындарын көрсетті. Мен қазақ мәдениеті тақырыбы бойынша лекция оқыдым. Оны Судандық бір араб жігіті ағылшын тіліне аударып отырды. Көбекең де лекция оқыды. Токио университеті сол лекциямыз үшін, біздің жол кіремізді көтерді. Токио халықаралық университетімен де сөйтіп әріптестік жайлы келісімшартқа қол қойдық. Жапониямен де осылай жақсы байланыс орнатқанымыз есімде.

1994 жылы ҚазМУ-дің 60 жылдығына орай Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Азия және Африка институтының басшыларын шақырдық. Оған институт директоры, профессор М.С.Мейр, араб тілі кафедрасының менгерушісі профессор Г.М. Габугян, араб әдебиетінің білгірі, доцент Д.В. Фроловтар келіп дәріс оқыды. Бұл институтпен де өзара әріптестік туралы келісімшарт жасастық. Ол институт жанында екі жылдық жапон, кәріс, һинди тілдерінің мамандарын даярлайтын жеделдетілген курстар бар еді. Соған ҚазМУ-дің гуманитарлық факультеттерін бітірген үш азаматты Мәскеуге жібердік. Филфактың орыс тілі бөлімінің түлегі Ақылбек Камалдиновты жапон; журналистика факультетінің түлегі Баударбек Қожатаев; философия факультетін бітірген Мұхтар Тілеубердиев пен филолог Қайрат Сакиевты кәріс тілі бөліміне жібердік. Қайрат Сакиевтен басқасы оқуларын ойдағыдай бітіріп, өзімізге мұғалім болып оралды. Біраз уақыт ұстаздық етті. Кейіннен Қазақстан тәуелсіздік алып, сырт елдерде елшіліктер ашыла бастаған соң, бәрі де сыртқы істер министрлігіне ауысты. Ақылбек Камалдинов қазір Қазақстанның Жапониядағы елшісі. Мұхтар Тілеубердиев Кореядағы елшілікте істеді. Сонан соң Малайзияда елші болды. Қазір Еуропа елдерінің бірінде елші. Баударбек Сингапурде елші.



Қайрат Сакиев соңыра өз мамандығы (араб тілі мен әдебиеті) бойынша Сауд Арабия Корольдігіндегі елшілігімізде қызметте. Азамат Бердібаев қазір Қазақстанның Катардағы, Берік Арынов Египеттегі, Ержан Мұқашев Омандағы, Қайрат Лама-Шарипов Біріккен Араб Әмірлігінде елші, Балтабай Омаров Иорданияғы елшілігімізде кеңесші.

Осы ретте араб, парсы, қытай, жапон, түрік, бөлімдерінен басқа кәріс, хинди, урду тілдері бөлімдері қалай ұйымдастырылғаны жайлы да еске алмай кетуге болмас.

Кәріс бөлімі 1992 жылы отау тікті. Оның да ұстаздарын табу оңай болған жоқ. Алматыда университетке кәріс бөлімінің ұйымдастырылып жатқанын естіген христиан дінінің протестант ағымының өкілдері қолайлы сәтті пайдаланып қалуға тырысты. Олар оқу орнымызға келіп, философия және басқа да факультет ұстаздарын қала шетінде өткізілетін лекцияларға шақырып, лекция соңында сағат үлестіріп жүргенін естігенбіз. Протестантизмді тықпалап жүргендердің философия докторы ғылыми дәрежесі бар екен. Олар ҚазМУ-ге келіп өздерін ұстаз етіп қабылдауды айта бастады. Олардың зымиян тірлігі, зымиян мақсатын білмесем де, бізге философ емес, филологтар керек деп жолатпадым. Бірте-бірте өз елімізден де кәрістанушы филологтар табылды. Оқытушылыққа соларды тарттым.

Кәріс тілінің алғашқы ұстаздары ретінде Ким Фил Ян (Ким Фил), Ко Сонт Му, тарих ғылымдарының докторы қазақстандық Г.Н.Кимді атау керек.

2014 жылдың 28 сәуірінде Алматыдағы “Intercontinental” қонақүйінің үлкен залында “Корея-Қазақстан экономикалық қызметестік форумы” атты халықаралық жиын өтті. Оның алдында оңтүстік астанамаыздағы КИСИ-дің директоры Болат Қылышбайұлы Сұлтанов телефон соғып, “бір кездері ҚазМУ-дегі өзіңіз құрған Шығыстану факультетінен кәріс тілі мен әдебиеті бөлімін де ұйымдастырған едіңіз. Соны да ескере келе Қазақстан-Корея форумының “Совет мудреццовы” сізді өзіне мүше етіп қабылдамақ. Соның салтанатына келіңіз” деді.

Сонымен аталмыш күні Кореяның президенті Пак Кын Хенің Қазақстанға ресми сапары алдында өткен әлгі форум ашылды. Онда екі ел арасындағы қатынастардың сан-саласы сөз болды. Форумға Корея елінің мемлекет, қоғам және ғылым, білім қайраткерлері қатысты. Мені Корея делегациясының басшысы әлгі ұйымға мүше болғанымды құттықтай келе, ҚазМУ-ден кәріс тілі мен әдебиеті білімін ашқаным үшін алғыс білдіріп, бөлімді бітіргендердің екі ел ынтымағы мен достығына қызмет ететініне сенетінін айтты.

Осы ретте ескерте кететін жайт – Шығыстану факультетінен кәріс бөлімі де ашылып, онда қазақ жастарынан осы тіл бойынша мамандар дайындалып жатқаны жайлы Кореяда хабар тарасымен, арада бірер жыл өткенде ҚазМУ-дің филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне корейлік жастар да келіп түсе бастады. Мен филология факультетіне оқыған дәрістерім кезінде олардың біразын көрдім.

1995 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына елу жыл толуына байланысты Оңтүстік Корея республикасының астанасы Сеулде халықаралық конференция өтетін болды да, соған ҚазМУ-дің де өкілі шақырылуына байланысты ақылдаса келе мен сапарға шықтым.

Мәжіліс аяғында Сеулдегі белгілі Кен Хи деген университетпен байланыс жасадым. Оған Алматыда тұратын ұлтты кәріс, профессор Хван деген азамат көмектесті. Сол кісінің қолұшын беруімен әлгі оқу орнымен әріптестік келісімшарт жасалды. Сөйтіп кәріс тілі мамандарын даярлау мен олардың тілдік практикадан өту мәселесі де шешімін тапты.

2003 жылы Бүкіл түркі халқының атасы, ойшыл, ақын Қожа Ахмет Йасауидің туылғанына 900 жыл болды. Соған байланысты оны университеттің 12 қабаттағы акт залында ғылыми-конференция ретінде салтанатпен атап өту мәселесін қойдық. Бұрындары мұндай істерге әдетте рұқсат беріле бермейтін. Коммунистік партияның түбіне су құйылып, Кеңес одағы күйреп тәуелсіздік алған соң ресми қарсылық бола қойған жоқ. Әйтсе де қарсы шығушылар болмай қалмады. Оған мән бермей дайындала бердік. Мен Қожа Ахмет Йасауидің өмірі мен еңбегі “Диуани Хикметті” талдап баяндама жасадым. Факультетіміздің ұстаздары, студенттері және ақын баба мұрасын қастерлейтін біраз кісілер қатысты.

Баяндама жасап жатқанда залдан кейбір атеистердің қарсы үн қосу да байқалмай қалмады. Әсіресе кезінде оқу орнымызда болған “Марксизм-Ленинизм” университетінің бір мұғалімінің “ол мракобесті неге дәріптейсіздер” дегені есімде. Кейін ол тіпті арыз да жазды. Ол кісі қазір тірілер санатында жоқ болғандықтан аты-жөнін атамай отырмын.

Сөйтіп тәуелсіз ел болдық десек те алғашқы жылдары Қожа Ахмет Йасауи бабаға да қарсы шыққандар да кездеспей қалмады.

Иә, араб, парсы, қытай, түрік, кәріс тілдері бойынша Қазақстанда бірді екілі мамандар болса, ал урду мен хинди бойынша маман ұшыраспай қиналды. Бұл ретте бізге Тәжікстанның шығыстанушылары көмекке келді. Олардың шығыстану факультетінің ашылғанына біраз жыл болғандықтан, мамандары кейде жұмыс табалмай жүрген көрінеді. Душанбеге, ол елдің бас университетіне, шығыстану факультетінің өзіміз танитын басшылары мен ұстаздарына телефон шалып, көмектесуді сұрадым.

Солардың ұсынысымен Душанбеден парсытанушы Самандар Мұсов, урдутанушы В.С.Абдуллаев, Ташкент университетінің түлегі, урду және хинди тілдерінің маманы Санамгүл Досова қызметке келді.

Урду бөлімінде оқитын студенттердің де Пәкістанда тілдік біліктілік арттырудан практика өтуінің сәті түсті.

1995 жылдың тамыз айы еді. Хатшы қыз Пәкстандық бір кісінің қабылдауды өтінгенін айтты. Кірсін дедім. Аты-жөні Фарзанд Әли Дуррани екен. Пәкстанның Пешавар университетінің проректоры боп шықты. Республикамыздың Ғылым академиясының шақыруымен Алматыға іссапармен келгеніне бірнеше



күн болыпты. ҚазМУ-де урду тілі бөлімі бар екенін естіген соң хабарласа кетуді жөн санапты.

Сол жолы Пәкістандық ғалыммен оқу, ғылым, білім туралы біраз әңгімелестік. Әрине атакты Бабыр (1483-1530) мен оның Индиядағы игі іздері, Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) туралы әңгіме болмай қалған жоқ. Ол риза болды. Өз елінің Орта Азия жұртымен ежелгі байланысы туралы әңгімені әрі қарай жалғастыру, университетаралық әріптестік, ҚазМУ студенттері урду бөлімінің Пешавор университетінде практикадан өтуі мәселесін Пәкістан жұртына келіп талқылау ұсынылды.

Көп ұзамай шақыру да келді. Сонымен 1996 жылдың қаңтарында шығыстану факультетінің сол кездегі деканы Өтеген Күмісбаев екеуміз жолға шықтық.

Бізді Исламабад әуежайында Фарзанд Әли Дуррани мырзаның өзі қарсы алды. Ол мамандығы бойынша археолог екен. Алпысты алқамдап қалса да әлі тың да ширақ. Ағылшын тілінде еркін сөйлейді. Араб, парсы тілдеріне де қамшы салдырмайды.

Пәкістанның мемлекеттік тілі урду. Ол панджаб, синд, бенгал, ауджрати, раджастан секілді тілдермен бірге үнді тілдер тобына кіреді. Әйтсе де оның лексикалық құрамында араб, парсы, һинд, һашто, синд тілдерінің элементтері көп.

Пәкістан көп ұлтты мемлекет. 1947 жылы Англия Үндістанды тастап шыққанда оны Индия мен Пәкістан атты екі мемлекетке бөліп кеткен. Мұсылмандар Пәкістанға, өзге діндегілер Индияда қалып біраз сапырылыс болған-ды.

Пәкістанда урду деген халық болмаса да осы тіл мемлекеттік тіл болып табылады. Ол XVI ғасырда Үндістанды Мұхаммед Захир ад-Дин Бабыр (1483-1530) басып алып, Ұлы Моғол мемлекетін құрған соң, һиндустан ләшкор (әскер) тілі деп атала бастаған. Қазір де Пәкістанның бүкіл зиялы қауымы осы тілде сөйлейді, жазады. Дей тұрғанмен ағылшын тілі көлеңке секілді Пәкістан мен Индияның қыр соңынан қалмай келеді. Тіпті кейде оның мемлекеттік тіл рөлін де атқарып жататын тұстары бар.

Түн жарымда Пешаварға жеттік.

Түске таман бізді Форзанд Әли Дуррани мырза қабылдады. Сұхбаттастық. Әріптестік туралы хаттаманы талқылап, қол қоюға дайындадық.

Пешавар университетінде Орталық Азияны зерттеу деп аталатын ғылыми-зерттеу институты бар екен. Институт қызметкерлері Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан, Тәжікстан республикаларының тарихын, халықаралық қатынас, экономика секілді толып жатқан басқа да өзекті мәселелерді зерттеуде. “Орталық Азия елдері” деп аталатын ағылшын тілінде журнал да шығады. Институттың кітапханасында да болды. Одан М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ш.Мұртаза сынды жазушыларымыздың еңбектерін көрдік. Бір шетте “Қазақ әдебиеті”, “Казахстанская правда” газеттерінің 60-68 жылдардағы тігінділері жатты. Қабырғаларға Орталық Азия республикаларының картасы ілулі тұр. Институт дәлізіндегі Орталық Азия деген стендке майлы бояумен әр республикада тұратын

жергілікті халық өкілінің ұлттық киімдегі суреті ілінген. Қазақстан деген бөлігіне бүркіт ұстап тұрған ақсақал бейнеленіпті.

Пешавар шаһарын да араладық. Келісім шартқа қол қойылған соң ортағасырлық Лаһор мен Исламабад қалаларын тамашаладық. Лаһорда ежелгі ескерткіштер де бар екен. Бабырдың баласы Һұмайун кезінде салынған патша мешіті де мұрты бұзылмай тұр. Лаһор тек ортағасырлардағы өткенімен ғана емес, сонымен қатар кешегісі және бүгінімен де мақтана алады.

Дәл осы қаладан Мұхаммед Иқбал (1877-1938) мен Файз Ахмад Файз секілді әлемге әйгілі екі ойпаз ақын шыққан.

Исламабадта Шаһархурийа атты төбеге көтерілдік. Оның жазықтау жері Пәкістанға келген мемлекет басшылары ағаш отырғызатын баққа айналдырылыпты. Біздің президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың 1993 жылдың 23 ақпанында екен ағашы әжептәуір көтеріліп қалыпты. Сондай-ақ Джордж Буш, Иордания королі Хусейн, Түркия елбасы Сүлеймен Демирел және басқалар отырғызған ағаштарды да көрдік.

Алматыға оралған соң көрген-білгенімізді шығыстану факультеті студенттеріне әңгімеледік. Сол жылы күзде келісімшартқа сәйкес шығыстану факультеті урду бөлімінің студенттері Пәкістанның Пешавар университетіне аттанып кетті.

Осылай шығыстануға байланысты бөлімдер, кафедралар, факультет ашу һәм шығыс тілдерін оқып жатқан студенттердің тілдік практикадан өту мәселесі де оңтайлы шешімін тауып еді. Бұл ретте бәрін өзім ұйымдастырдым, шештім деуден аулақпын. Бұл істе маған Өзбекәлі Жәңбібеков, Көпжасар Нәрібаев, Шайсұлтан Шаяхметов, Ақжан Машани, Қ.С.Бәйішев секілді т.б. жанашырлардың үлкен көмегі болғаны дайымы есте.

Һинди бөлімі 1998 жылы ашылды. Оның алғашқы ұстаздарының бірі ретінде Душанбелік А.А.Анваров пен Ташкент университетінің шығыстану факультетінің түлегі З.Е.Ысқақова келген соң бөлімге алғашқы студенттер қабылданды.

Жылдар өте аталған бөлімдерді жақсы бітірген түлектеріміз арасынан үздіктерін жоғарыда айтылғандай факультетке ұстаздық қызметке алып қалып отырдық. Кадр мәселесі осылай шешілді.

КАФЕДРАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Шығыстану факультеті ашылмай тұрып 1984 жылы Шығыс филологиясы кафедрасы құрылды дедім. Ол одан кейінірек ашылған өзге филологиялық кафедраларға негіз болды. Алғашқы жылдары құрылған кафедралар түрлі жағдайларға байланысты бірнеше рет аттарын өзгертті, өзге кафедралармен біріккен де кездері болды.

Қытай тілі кафедрасының негізі 1989 жылы Шығыс филологиясынан бөліну арқылы қаланды. 1991 жылдан бастап оны тарихшы қытайтанушы ғалым К.Ш.Хафизова басқарды. Онда оралман



қандастарымыз А.Аманжолова, Г.Байношова, Д.Мәсімхан, Ж.Самитұлы, А.Амашова, А.Қайбайұлы, С.Сәдуақас және А.Т.Тохметов, Семятова және Қытайдан шақырылған Чжао Цзяньсин, Чан Вэньчан қызмет етті.

Иранистика кафедрасы өз тарихын 1991 жылдан бастайды. Оның менгерушісі марқұм Л.З.Рүстемов еді. Ол 1993 жылы дүниеден өткен соң кафедраны басқару профессор Өтеген Күмісбаевқа жүктелді.

Түркология кафедрасы өз қызметін 1991 жылы бастады. Оның ұстаздары ретінде Түркия азаматтары Е.Қаратеңіз, И.Қызыласлан, И.Ақпинар мен Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі М.Кунетаеваны атау керек.

Ал **Индология** 1992 жылы құрылды. Ол Иранистиканың жанынан ірге тепті.

Иранистика мен индология кафедрасы 2003 жылы ашылды. Ол Оңтүстік Азия және иранистика кафедраларының негізінде құрылды. Ал Оңтүстік Азия кафедрасы Азия және Африка кафедрасы негізінде құрылған болатын. Ол шығыстану факультетін ашуға негіз болған екі кафедраның бірі еді. Оны 2003 жылға дейін профессор Кеңес Қожахметов басқарды.

Жапон тілі кафедрасының негізі 1992 жылы қаланды. Оның ұстаздары А.Камалдинов, Х.Окава және онда әр жылдары Х.Сакайдо, Х.Окомото, Т.Натай, Т.Нагай, Т.Сакаиф, Т.Мураучи, З.Ичуса қызмет етті.

Корейтану кафедрасы өз жұмысын 1995 жылы бастады. Кафедраның алғашқы менгерушісі Ким Фил Янг болатын.

Сөйтіп шығыстану факультеті Кеңестік кезеңнің өзінде Қазақстанның болашақ тәуелсіздігіне қызмет етті. Факультет талай халықаралық ғылыми теориялық, практикалық конференциялар өткізді. Шығыстанушылар арасынан көптеген елшілер шықты.

Ұстаздар да өсті. Нұржамал Алдабек, Кеңес Қожахметов тарих, Шәмшадин Керім (Нұр-Мүбәрак университетінің проректоры), Гүлнар Надирова, Баян Жұбатова филология ғылымы бойынша ғылым докторы дәрежесін алды. Талантты шәкірттеріміз Шынар Қалиева, Дина Есенжанова, Ақбота Ахметбекова, Ұлбала Алжанбаева, Бәтіш Атабай, Жанетта Сейтметова, Гүлнар Бүркітбаева, Фарида Жұмажанова, Дина Көптілеуова, Айгүл Жиекбаева, Мұхитдин Салқынбаев, Ғалия Қамбарбекова, Ғ. Алдамжарова Болатбек Батырханов филология ғылымдарының кандидаты болды. Басқа шығыс тілдері мен әдебиеті және шығыс елдерінің тарихы бойынша ондаған шәкірттер ғылым кандидаттары мен докторлары қатарына қосылды және ол жалғасын табууда.

Сөйтіп біз даярлаған түлектеріміз жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру және жүзеге асыруға үлкен үлес қосты. Әсіресе шығыстану факультетіне қабылданған, даярланған мамлекерлердің қазақ мектебін бітіргендіктері, ана тілін білетіндіктері үлкен рөл атқарды.

Талай рет түрлі кісілер шығыстану мамандығына орыс мектебін бітіргендерді қабылдау керек дегенде, бұл саланың мамандарына тек ана тілін білетіндер

ғана қабылдануы керек деп табан тіреп отырып алған кезді ұмытпақ емеспін.

Оны айтасыз 70-80 жылдары шығыс ілім, білімі мен мәдениетіне деген ынта, ықыласқа кедергі келтіріп, сол саланың мамандарын даярлау кезінде оны дінмен байланыстырып осы іске ашық және жабық та қарсылық білдіргендер аз болған жоқ. Ол кез домалақ арыздардың дәуренінің жүріп тұрған шағы еді. Сол себепті талай рет нақақ жала жабуды мұрат еткен жалқорларға ауызша және жазбаша да жауап беруге тура келді. Бұны айтып отырғаным – осы күндері кейбір жұрт шығыстану саласын өзінен өзі бола салғандай көреді. Талай ренішті кездер мен мазасыз шақтар, түрлі шенеуніктер мен билік иелерінің алдында ақталған, өз тіршілігімнің дұрыстығын дәлелдеуге тура келгенін қалай ұмытайын. Оның шетжағасын жоғарыда айттым да.

Шығыстану факультеті өткен 25 жыл ішінде үлкен өсу, өрлеу жолынан өтті. Жас мемлекетіміздің көркеюіне қызмет етті. Талай іргелі істерді іске асырды. Жақсы басталған іс осылай жақсы жалғасын тапты.

Факультетті әр жылдары өз істеріне адал, шығыстанушы ғалымдар басқарды. Менен соң (1989-1992) Рүстемов Л.З. (1992), А.А.Шөпеков (1992-1995), Ө.Н.Күмісбаев (1995-1996), Ж.А.Алдабекова (1996-2003, 2005-2011), С.М.Сыздықов (2003-2005), Б.Жұбатова (2011ж. бүгінге дейін) факультетке басшылық жасады.

Қазір шығыстану факультетінде 4 кафедра бар: Арабтану және Ирантану, Жапонтану және Корейтану, Түркітану және Үндітану, Қытайтану кафедрасы.

Факультетте 7 ғылым докторы, 26 ғылым кандидаты, 7 PhD докторы қызмет етуде.

Мамандар дайындау «Шығыстану», «Түркітану», «Аударма ісі», «Шетел филологиясы» мамандықтары бойынша үш деңгейде іске асырылуда: бакалавриат, магистратура, докторантура.

«Шығыстанушылар дайындау Лев Гумилев атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Абылай хан атындағы әлем тілдері және халықаралық университетте, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүргізілуде. Бірақ факультет ретіндегі құрылым әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ғана бар, қалғандарында кафедра ретінде ғана ашылған.

ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

1996 жылы Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясы жанынан шығыстану институты құрылды. Ол Шығыстану секторы және Ұйғыртану институты негізінде институтқа айналды. Оның алғашқы директоры Қажыбеков Ерден (1992-1998), болса, одан кейін Әбусейітова М.Х. (1998-2013), қазіргі күндері (2013 ж-дан бүгінге дейін) Мен басқарудамын. Институт арабтану, ирантану, қытайтану, жапонтану, ұйғыртану, корейтану секілді секторлардан тұрады. Ол шығыс елдерінің тілі мен әдебиеті, тарихы мен мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-санасын зерттеумен айналысады.